


ӘЛЕМДЕГІ ТҰҢҒЫШ «МИР» ҒАРЫШ СТАНЦИЯСЫ XX ҒАСЫРДА ЖАСАЛЫП, XXI ҒАСЫР БАСТАЛҒАН БЕТТЕ 2001 ЖЫЛЫ 23 НАУРЫЗ КҮНІ ТЫНЫҚ МҰХИТ-ТЫНА ҚҰЛАДЫ. АНЫҒЫНДА МҰХИТ-ТЫҢ КЕМЕЛЕР ЖҮЗБЕЙТІН ПЕРУ МЕН ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ АРАСЫНДАҒЫ РЕСМИ ЕМЕС ТІЛДЕ ҒАРЫШ КЕМЕЛЕРІНІҢ «ҚАБІРІНЕ» АЙНАЛҒАН АУМАҚҚА ҚҰЛАТЫЛДЫ. БАСЫНДА 5 ЖЫЛҒА ҰШУ-ҒА ЖОСПАРЛАНҒАН СТАНЦИЯ ӘУЕЛІ СССР-ГЕ, ОДАН КЕЙІН АЛЫП ИМПЕРИЯНЫҢ МҰРАҒЕРІ – РЕСЕЙГЕ 15 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫПТЫ.

Бәрі СССР мен АҚШ-тың «қырғи-кабақ соғысынан» басталған. Жерде атом қаруымен, ғарышта космос кемелерімен текетірес басталғалы бірталай уақыт өткен. Бәйге, бәсеке ғарышқа шығып алған. Әлем екі державаның сойқан қаруларынан ішін тартып, үреймен ұйықтап, қорқыныспен оянатын. АҚШ Шаттл ғарыш кемелерінің бірін ұшырып, екіншісін қондырып жатқан кез. Яғни, ғарыш кемесі бұрын орбитаны айнала ұшып, космонавтар мен астронавтар тапсырма орындаған соң капсуламен Жерге қонып жататын. Бит терісінен биялай тігетін бизнес билеген АҚШ артық шығынға бара ма? Ғарыш саласының ғалымдары енді космос кемелерін мұхитқа батырмай жерге қондырып, оны қайыра жамап-жасқап ұшырып, шығындарын шақтаған сияқты.

СССР-де қала ма? «Боран» бағдарламасын жасап, ұшырып көрді. Бір-ақ рет. Сол «Боран» ғарыш музейінде тұруы керек. Ғарышта космос станциясын өз үйіндей пайдалану идеясы өткен ғасырдың 60-шы жылдарының соңы 70-ші жылдардың басында СССР ғалымдарының ұшқыр қиялынан 80-ші жылдары жүзеге асты. СССР жетісіп тұрмаған. Экономикасы АҚШ-пен жарыста болдыруға айналған. Билік басына М.Горбачев келіп, тұралаған СССР-ді одан әрі титықтатқан шақ. Космос кемелерін жасап, ұшырып-қондыратын ғалымдар екі жарылады. Бірі АҚШ сияқты «Боран» бағдарламасын, екінші жағы ғарыш станциясын жасауды ұсынады. Сол кездегі КПСС Орталық Комитетінің осы саланы өргізіп, жаятын хатшысы, Саяси Бюро мүшесі Г.Романовқа ғайыптан тайып, ғарыш станциясы туралы ұсыныс жетеді. Алдында Ленинград обкомы басқарған ол бар беделін салып «Мир» станциясын жасауға «батасын» береді. Не керек, КПСС XXVII съезіне шейін жоба жасалып, көкте ұшып жүруге тиіс. Партия айтты – бітті. Орындалады. СССР-дің 20 министрлігі мен ведомствосы жабылып, он-он бес жылдың мұғдарында станцияның негізгі сүйегі – базалық блогы 1986 жылы 20 ақпанда орбитаға шығарылады. Өзіміздің Байқоңыр космодромынан «Протон» ракетасы арқылы жеті қат көкке жол тартады.

Станция отсектерімен, модульдерімен толық құрастырылып біткенде салмағы



Ғарышштағы «пәтер»

Мағауия СЕМБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

124 тонна, ұзындығы 19 метр, ені 31 метр, адамдар тұра алатын космос «пәтерлері» 376 текше метр болған. СССР-ді (Ресей) қосқанда 12 мемлекеттің 104 космонавы мен астронавы «Мир» станциясында түнеп, тәжірибе өткізіп, ұшып барып қайтқан. Бәрі дін аман оралған. Тұңғыш ұшып барып, ғарыш «пәтерінің» қызығын көрген Л.Кизим мен В.Соловьев. В.Соловьев – осы станцияны құрастырып, жасаушы үлкен ғалымдардың бірі.

1991 жылға қарай СССР-дің басынан бақ тайып, алып мемлекеттің экономикасы да, саясаты да қаусауға шақ қалған. Қазір 15 мемлекет болып отырған одақтас республикалар орталықтан енші сұрап, ер-тоқымдарын мойындарына алып тулап жатқан қиын кез. Дәл осы сәтті өте ұтымды пайдаланған Қазақ ССР Президенті Н.Назарбаев ғарышқа қазақты ұшыру мәселесін шешеді.

Бұған космодромның Байқоңырда салынуы таразы басын бізге аударып, қазаққа қырын қарайтын М.Горбачев амалсыз келісімін берген тәрізді. Сонымен қазақтың маңдайына Алла жазған Совет Одағының Батыры, әлемдегі теңдесіз он сынақшы-ұшқыштың (ас) АҚШ-тағы тізімінде үшінші болып жазылған Токтар Әубәкіровтің «Мир» станциясына ұшып барып қайтуы шешілген. Бұл Токтар ағамызға шейін станцияға 12 экспедиция барып қайтқан. Рет саны –13. Еуропа, Ресей және басқа елдердің халықтары жақсы ырымға баламайтын 13-ші экспедициямен Т.Әубәкіров, А.Волков, аустриялық Ф.Фибек 1991 жылы 2 қазанда жер тартылысын жеңіп, ғарыштағы «Мир» станциясына аман-есен жеткенін тікелей эфирде көргенбіз. Токтар ағамыз жай турист болып бармай, Арал теңізін ғарыштан бақылап, экологиялық апаттың аз-ақ алдын-

да тұрғанын зерттеп, басқа да тәжірибелер өткізіп қайтқаны белгілі.

СССР-дің космонавтарды наградтауда өз рәсімі болған. Ғарышқа неше рет ұшса, сонша рет Совет Одағының Батыры атағын берген. Мұндай космонавт – 34 екен. Ал бұрын Батыр атағы болса, ұшып келгенде тағы осы жоғары марапат берілген. Екі мәрте алған Г.Береговой екен. Ол соғыстан Батыр жұлдызын алып қайтқан. Токтар Әубәкіров те ғарышқа ұшпай тұрып, сынақшы-ұшқыш кезінде Совет Одағының Батыры атанған (1988 жыл). М.Горбачев осы дәстүрді бұзып, Токтар ағамызға Октябрь Революциясы орденін беріп, Желтоқсан көтерілісін кешпеген. Сөйтіп рет саны бойынша СССР-дің 72-космонавты Токтар ағамыз бен қазақ халқының назасы оқтай тиген болу керек. Екі айдан кейін СССР тарап, қазақ елі Тәуелсіздігін жариялаған болатын.

Қазір ғарышқа адамның ұшуы Америка құрлығына сапарлап қайту сияқты етіміз үйренген шаруа болып қалды. Ал, шын мәнінде «Мир» станциясы – адамзат бәлкісінің ғарышты игерудегі үлкен белес.

Бұл екі бүктеліп жатып, орбитада Жер планетасын айналып келу емес. Осы үйдегідей өмір сүріп, кәдімгідей зерттеу жұмыстарын жасау мүмкіндігі бар. Станцияда ұзақ тұрып қайтқан, қысқа қайырым сапарлап келген ғарышкерлер «Мир» станциясын екінші үйлеріне балайды. Станцияға 5 рет барып қайтқан В.Соловьев немесе ең ұзақ 437 тәулік мекендеген В.Поляков, өзіміздің Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев, басқаларының бәрі станцияны ғарыштағы өз «пәтерлеріне» теңейді. Т.Мұсабаев бір сұхбатында станцияда шағын ғана моншаға шейін барын, бір ғарышкердің өзімен бірге шабынатын сыпырғышқа дейін алып барғанын айтқан.

1995 жылға қарай Ресей, тәуелсіздік алған жас мемлекеттер ғарыштағы станция түгілі, жердегі күнкөріске қиналып қалған. Содан СССР тарағанша құпия болып келген станцияға шетелдіктерді ұшыру басталады (1995 ж.). Франция, Жапония, Канада, Аустриямен қатар Сирия, Ауғанстан сияқты мемлекеттердің де азаматтары осы станция арқылы ғарышқа барып қайтқан. Қаржы тығырғынан «Энергия» корпорациясы осы шетелдіктерді ұшыру арқылы шығып отырған. Әрине, бұның ішінде біздің Байқоңыр космодромының да үлесі бар. 17 коммерциялық экспедиция 1 миллиард долларға жуық қаржы тапса, ғарыш станциясында тауарларды жарнамалау 2 миллион долларға жуық ақша құйған.

Ақауланған станцияны мұхитқа құлатар алдында осы күйінде сатып алуға Иран ұсыныс жасайды. Иран президенті М.Хата-

ми станцияны қаншаға бағалағаны белгісіз. Ресей «Мирді» сатпайды. Бәлкім Иран әскери мақсатқа пайдаланады, деп қауіптенген шығар.

Сонымен «Мир» станциясын мұхитқа құлатар алдында қарсы шыққандар да аз болмаған. Ғарышкерлердің өзі Б.Ельцинге хат жазып, станцияны алып қалуды сұрайды. Т.Әубәкіров те сол хатқа қол қойғанын бір сұхбатында еске алғанын естідім. Ақыры «Мир» И.Тургеневтің «Муму» әңгімесіндегі Муму сияқты суға батырылды. Әдеби кейіпкер «Герасимнің қолымен».

«Мирдің» орнын Халықаралық космос станциясы басты. Ғарышкерлер жеті қат көктегі «пәтерлеріне» барып қайтады. Менің ақылым жетпейтіні – жұмыр жерде бір-біріне санкция жариялап, дұрдараз болып қалған Ресей мен АҚШ ғарышта тіл табысады. Ғарышкерлері бір үйдің бірге туған бауырларындай айлап, жылдап тату өмір сүреді. Мүмкін бір Жаратушыға жақындағаннан ба?!